

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Дж. Лейден, У. Эрскин сияқты ғалымдар алғашқылардың бірі болып Бабырнаманы ағылшын тіліне аударып бастады. Аударманы бастаған кезде бір-бірін танымайтын бұл ғалымдар Абдуррахим ханның парсы тіліндегі аудармасын негіз алады. Бұл екі ғалымның аудармасы Лейденнің өмірден өтуіне байланысты Эрскин тарапынан толық тексеріліп, жетілдіріліп, 1826 жылы Лондонда «Leyden-Erskine Translation» деген атпен жарық көреді. Шағатай тіліндегі түпнұсқадан алғашқы аударма 1857 жылы жарық көрген Н.И. Ильминскийдің аудармасы болып табылады. Бұл аудармадан кейін 1871 жылы Паве-де-Куртейльдің аудармасы жарық көрді.

«Бабырнама» шығармасын аудару үшін жиырма жыл еңбектенген Беверидж «The Baburnama in English» (1912-21; 1922) деген тақырыппен еңбектің ғылыми аудармасын жариялайды. «Бабырнама» туындысының мазмұны толық әрі анық берілген бұл еңбектен кейін 1943-1946 жылдары Решит Рахмети Араттың түрік тіліне жасаған аудармасы жарық көрді. Бабырнаманың орыс тіліне аударылуы мәселесіне келсек, өткен ғасырдың екінші жартысына дейін қысқа фрагменттер мен бөлімдер ғана аударылып келсе, 1958 жылы толық нұсқасы М. Сальенің аудармасымен жарық көрді.

XX ғасырда Бабыртану және «Бабырнама» туралы Ресей ғалымдары А.Н. Самойлович, И.В. Стеблева, Г.Ф. Благова құнды мағлұматтар берді. Танымал ғалымдардың атап өткеніндей, Бабырнама шығыс әдебиетіндегі алғашқы автобиографиялық еңбектің үлгісі болып табылады. Бұл жанр ислам әдебиетінің ең қиын әрі ең сирек нұсқасы саналады [5, 168-169].

Соңғы жылдары түркі мемлекеттеріндегі Бабырнамаға байланысты зерттеулер күннен күнге артуда. Солардың ішінде Түркияда 1993 жылдан бері барлығы 31 докторлық және магистрлік диссертация қорғалған. Сол сияқты түркі елдері арасында Бабыртану Өзбекстанда қарқынды даму үстінде.

Түркі әлемінің ұлы перзенті – Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» тарихи-шежірелік еңбегінің аударылуы мен зерттелу тарихын хронологиялық тұрғыдан бар үш кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1) XVI ғасырдың екінші жартысынан XVII ғасырға дейінгі кезең. «Бабырнама» шығармасының парсы тіліне аударылуы; 2) XVII ғасыр мен XVIII ғасыр аралығын қамтитын кезең. «Бабырнама» шығармасынан үзінділер батыс тілдеріне аударылып, жариялана бастауы. 3) XIX ғасыр мен XX ғасыр аралығын қамтитын кезең. «Бабырнама» шығармасының ағылшын, француз, орыс, урду тілдеріне және қазіргі түркі тілдеріне (түрік, өзбек, қазақ) тілдеріндегі толық аудармаларының жариялануы; алғашқы тарихи-филологиялық сипаттамалардың берілуі; мәтінтанымдық, лингвистикалық бағыттағы зерттеулер жүргізілуі. 4) XXI ғасыр кезеңі – «Бабырнама» шығармасын зерттеуге түркі әлемінің айырықша ден қоюы; әдебиеттанымдық, лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелуі

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Akün Ömer Faruk, “Bâbü”, TDV İslam Ansiklopedisi, IV, İstanbul: 1991, s. 397.
2. Konukçu Enver, “Bâbü”, TDV İslâm Ansiklopedisi, IV, İstanbul: 1991, s. 395
3. Yücel Bilâl, Bâbü Dîvânı (Gramer-Metin-Sözlük-Tıpkıbasım), Atatürk Kültür Merkezi Yayını, Ankara: 1995, s. 19.
4. Салье М., Бабурнаме Записки Бабур, Ташкент: 1958, 170 с.
5. Благова Г.Ф., “К истории изучения Бабурнаме в России”, Тюркологический сборник, Москва 1966, 168-176 с.

ӘОЖ 15.987

ҚОРҚЫТ АТА БЕЙНЕСІНІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Шәріп Нұрзат Амантайұлы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Қорқыт ата — түркі халықтарына ортақ ойшыл, жырау, қобызшы. Қорқыт сөзі «Һорқұт» сөзінен шыққан. «Хор» деген көне түркі тіліндегі «Өр» деген сөз, «Һор» деп те айтылған. Ал, «құт», ол кәдімгі «құт», «береке», «игілік» деген сөз. Демек, Қорқыт сөзі «жоғарыдан келген құт» деген мағынада. Бірақ, қазақ тілінде ол Қорқыт болып, кейін осы атаудан талай аңыз-ертегілер туындаған [1, 23]. Қорқыт ата өмірде ізі, артында әдеби-музыка мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде белгілі. Қорқыт атаның өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әртүрлі болжамдар қалыптасқан. Алайда, зерттеулердің көпшілігі Қорқыт ата Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде 10 ғасырдың басында дүниеге келген деген тұжырымға саяды.

Рашид әд-Дин “Жамиғ Ат-Тауарих” атты тарихи шежіресінде Қорқыт Атаны қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазының “Түрік шежіресінде” оның тегі баят екендігі, оғыздардың елбегі болып, 95 жасқа келіп қайтыс болғандығы айтылады. Ә.Қоңыратбаевтың зерттеулерінде Қорқыт ата 11 ғасырдың басында дүниеден өткен делінсе, Әлкей Марғұланның еңбектерінде ол 7 – 8 ғасыр аралығында өмір сүрді деген пікір айтылады. Қазақ философиясы тарихында Қорқыт ата – ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде көрінеді. Қорқыт Ата жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден, ол оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз. Екіншіден – күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден – әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра. Түркі халықтарының фольклорындағы Қорқыт ата туралы аңыз әңгімелердің бірі оның туылуына байланысты [2, 9].

Қорқыт — түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, бақсы, күйшілік, жыршылық өнерлерінің атасы болып табылады. Аңыз бойынша, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қорқыт дүниеге келер алдында әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қараңғылық басады. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қорқыныш сезімі билеген. Осыған орай баланың атын “Қорқыт” деп қойған дейді.

«Қорқыт» сөзінің этимологиясын Ә.Қоңыратбаев «құтты адам, құт әкелетін адам» деп көрсетсе, Сейіт Қасқабасов «өмір сарқылды, адам өлді» деген мағынаны білдіреді деп санайды. Ермек Тұрсынов түркі халықтарының фольклорына сүйене отырып, “дада, деде” деген сөздерді “насихат айтушы жырау” деп түсіндіреді. В.Жирмунский Қорқыт атаны магиялық аспап – қобыздың иесі, шаман, абыз ретінде қарастырады.

Қорқыт атаның тарихи тұлға екенін растайтын жазба ескерткіш – «Қорқыт Ата кітабы» («Китаби дәдәм Корқуд»). Онда Қорқыт ата жырау, ақылгөй, данышпан, көсем, бақсы, күйші ретінде көрінеді. Кітаптың басында Қорқыт атаның нақыл сөздері келтіріледі. Ол “өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі” дейді. Қорқыт ата жөніндегі аңыздарда түркі халықтарының өмір мен өлім мәселесі туралы көзқарастары көрініс тапқан. Аңыз бойынша, Қорқыт ата ұйықтап кетіп, “егер өлімді есіңе алмасаң, мәңгі өмір сүресің” деген аян естиді. Біраз уақыт өткен соң бір баспақты қуып жүріп, жете алмағасын, “Өлсем де, жетемін!” дейді. Соны айтуы мұң екен, Әзірейіл келіп, “Сен өлімді еске алдың, енді өлесің!” дейді.

Аңызда Қорқыт Ата өзінің жүйрік желмаясына мініп, халқы бақытты өмірді іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы күресуші жан ретінде суреттеледі. Ел-жұртты өзінің жырымен де, күйімен де аузына қаратқан, ғұмырының соңында бірлігі ыдырай бастаған жұртының алауыздығына күйінген Қорқыт Ата мәңгілік өмір сырын іздеп дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Бірақ қайда барса да, алдынан көр қазып жатқан адамдарды жолықтырады. “Кімнің көрі?” деген сауалына

“Қорқыттың көрі” деген жауап естиді. “Қайда барсаң да Қорқыттың көрі” деген сөз осыдан қалған. Ақыр аяғында жер кіндігін тапсаң, тірі қаласың деген аян естіп, туған жері – Сыр өңіріне оралады. Содан мәңгі өмір тек өнерде деген ойға келіп, қобыз аспабын ойлап шығарады [3, 45].

Тағы бір аңыз бойынша, өзен ортасына кілем жайып, үстінде отырып қобыз тартқанда, күй күшімен суға батпайды екен. Қорқыт Ата қобыз тартқан жылдары өлім болмаған, тек бақытты тіршілік болған дейді. Бірақ Қорқыт ата шаршап, ұйықтап кеткен сәтінде судан кішкентай қайрақ жылан шығып, оны шағып өлтіріпті дейді. Аңызда ажал ашық келмей, жылан кейпінде келеді. Бұдан халықтың өлімге деген көзқарасын, “ажал айтып келмейді” деген философиялық тұжырымның негізін көреміз. Қорқыт ата туралы аңыздарда кездесетін үлкен философиялық мәселе – уақыт пен кеңістік мәселесі.

Бұл аңыздарда Қорқыт ата өлімнен қашып, бүкіл ғарышты аралайды. Түсінен шошынған ол ажалдан құтылу үшін ертеңіне дүниенің екінші шетіне көшіп кетеді. Мұнда ол баяғы түсті тағы көреді. Таң атысымен тағы да жолға шығады. Не істерін білмей, жердің ортасына бармақ болады. Жер ортасы Сырдың жағасы, қазіргі Қорқыт моласы тұрған тұс екен. М.Әуезов “ажалды тоқтату мүмкін еместігін мойындағысы келмеген Қорқыт ата жұрттан безіп, айдалаға, табиғат аясына кетеді, бірақ таулар да, жазықтар да, ормандар да оған өлім күтіп тұрғанын айтады. Содан қорқып, шырғайдан алғашқы қобызды жасап, жер бетінде бірінші болып күй тартады. Сөйтпін өлмеудің амалын өнерден табады”, – деп жазады.

Қазақ аңызындағы Қорқыт ата бейнесі енді өлімнен қашқан шаман емес, керісінше, өмір үшін күрескен, өлімнен құтылуды қандай бір күдіретті күштен емес, өнерден іздеген, ажалмен айқасқан алып рухани тұлға болып көрінеді. Зерттеушілер өлімнен қашқан Қорқыт Ата философиясын әйгілі шумер эпосы “Гильгамеш туралы жырдағы” Гильгамеш әрекетімен салыстырады. М.Әуезов Қорқыт аңызын адамзатқа от ұрлап әкеліп сыйлаған Прометей туралы грек аңызымен теңестіреді. Тарихи деректер мен ғылыми пайымдауларды түйіндей келе, Қорқыт атаны исламды әлі толық қабылдамаған түркі тайпаларының мәдени рәмізі деп қарастыруға болады.

Қорқыт ата кітабы (“*Китаб-и дәдем Коркут гали лисан таифа огузан*”) – қаһармандық эпос үлгісі, оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы. Ғылымда оның он екі нұсқасы мәлім: Дрезденде (12 нұсқа) және Ватиканда (6 нұсқа) сақталған. 19 ғасырда бұл жазба ескерткішті зерттеп, аудару ісімен академик В.В. Бартольд айналысып, жеке тармақтарын жариялады. Кейін бұл аударма “Деде Горгуд” (Баку, 1950), “Книга моего деда Коркута” (М.–Л., 1962) деген атпен жарық көрді.

Ә.Қоңыратбаевтың аударуымен қазақ тілінде 1986 жылы тұңғыш рет басылды. Әдеби әрі тарихи этникалық мұра ретіндегі “Қорқыт ата кітабында” қазақ эпосына тән көркемдік кестелермен қатар қазақ тарихы мен мәдениетіне қосатын деректер де мол. Сондай-ақ жазбада оғыз тайпаларының этникалық тегі, этнографиясы, мекені, әлеуметтік жағдайы, т.б. мәліметтер көп сақталған. Осы деректерден оғыздардың бірде Сыр бойындағы қыпшақтармен, бірде Кавказ шегіндегі гәуірлермен жауласқаны көрінеді. Жырдағы ерлік сарындары аса елеулі. Қара Бодақ бірде қыпшақ ханына қан құстырған қара күш иесі (3-жыр), енді бірде Хамид, Мардин қамалдарын қиратқан батыр. Қазан – оғыз елінің көсемі. Кітап кейіпкерлеріне Бәмсі-Бейрек, Қара Көне, Қара Бодақ, Қан Төрәлі, Қазан-Салор, Құлбаш, Оқшы, Ораз, сондай-ақ Аруз, Әмен, Әмран Бекіұлы, Бисат, Дүлек Боран, Дондаз, Қиян Селжүк, Қаңлы, Қанық хан, Рүстемдер жатады “Қорқыт Ата кітабы” оғыз тайпаларының қонысына қатысты Тана (Танаис – Сырдария), Бану Шешек (Баршын-салор-Гүлбаршын, Баршындария, Баршынкент), Камбура (Байбөрі) секілді атаулар да сақталған. Олар қазақ эпосынан да елеулі орын алған [4, 12]. Жырдың бас кейіпкері – Қорқыт. Ол оғыз елінің ақылшысы, данасы, үлкен жырауы. Оның есімі көптеген түркі тайпаларына ортақ, тарихи-этникалық атауы да айқын. Бір кездері Қорқыт жинақталған фольклорлық бейне деп ұғынылса, бертін келе оны тарихи тұлға ретінде тани бастады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. - 135 б.
2. Баширова Г. И. Место военно-лексических единиц в эпосе «Китаби деде Коркут» // «Журнал научных публикаций», С 9-11.
3. О.Жанайдаров. Ежелгі Қазақстан аңыздары: Алматы, 2007. – 200 б.
4. Н. Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 433 б.

ПОДСЕКЦИЯ 5.5 ИНОСТРАННЫЕ ЯЗЫКИ В КОНТЕКСТЕ ДИАЛОГА КУЛЬТУР

UDC 32:81'246.3

THE ROLE OF ENGLISH LANGAGE WITHIN GLOBAL CULTURAL DYNAMICS

Askhatkyzy Meruert

merukashing@mail.ru

Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Supervisor – A.B. Kaliyeva

Culture, with its myriad interpretations, can be simplified as a human construct born from consciousness, experience, and abstract thought, molding elements provided by nature. For instance, through imitation, humans have developed the ability to articulate sounds, demonstrating cultural evolution.

Regarding language, it stands as a vital component of global culture. Each language holds significance within world culture, offering a means to interpret reality. Language, viewed as the foremost element of culture, serves as a direct reflection of reality.

In the realm of linguistics, experts estimate there to be over 7000 languages globally, excluding dialects.

English has attained a global status due to objective factors, particularly its internal structure and grammar, enabling precise expression of reality across scientific and practical domains. With over 1.5 billion speakers worldwide, English boasts unparalleled reach among the world's 8 billion inhabitants. No other language enjoys such widespread usage.

Culture encompasses human achievements and forms the bedrock of societal interaction, with language serving as a primary medium for communication. The emergence of language has catalyzed humanity's advancement, fostering further development across various realms.

Language serves to elucidate, convey, and proliferate cultural ideologies, interconnecting these notions with societal values and norms, thereby cementing one's belonging to a particular social stratum. The evolution of global culture is intricately tied to the predominance of English as a universal medium for communication and interaction, channeling the perspectives and ethos of English-speaking nations into the cultural tapestry.

With the advent of mass communication and digital technologies in the late 20th and early 21st centuries, a unified information landscape emerged, necessitating a singular lingua franca. Presently, English exerts a significant influence on global culture, predominantly through mass media channels, shaping perceptions and disseminating ideas across borders.

Presently, the sway of the English language and its associated culture on global media is immense. The sheer quantity of media content in English distributed daily vastly surpasses that in other languages, and the proliferation of English-based mass culture is evident in the domestic media of nearly all nations.